

Тобылова А. Қ., Нугуманова Ж.Н.

Көкшетау қ. «№1 мектеп-гимназиясы»

Бастауыш сынып оқушыларына ғылыми жоба жаздыру жолдары.

Қазіргі кезеңде білім беру ісінің негізгі нысаны- жас ұрпақтың біліктілігін қалыптастырып қоймай, олардың бойларында қажетті ақпаратты іздестіру, оны талдай алумен қатар, ақпаратты ұтымды, орынды пайдалана алатын, заманға сай өмір сүріп, қызмет жасауға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Осы орайда өмірдің қай саласында болмасын, әр түрлі жағдайларға бейімделген, шығармашылық қасиеттері қалыптасқан тұлғаны бәсекеге қабілетті тұлға дейміз. Ғылымның жедел, қарқынды даму заманында бастауыш сынып оқушыларын да бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиелеу мақсаты көзделуде. Ол үшін оқушыны ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге үйрету бастауыш сатыдан басталуы қажет. Бастауыш сыныптан бастап ізденушілікке баулыса, ол кішкентай кезінен өздігінен ой түйіп, дәлелді шешімдер қабылдай білуді үйренеді.

Оқушыларды зерттеу жұмысын жүргізуге баулу оқушының интеллектуалдық дамуының өсу деңгейін арттырады. Ғылыми сипаттама беруді үйренеді. Ғалымдардың тәжірибесіне негізделген материалдарды іздестіріп, танымдылық белсенділігін арттырады. Ғылыми еңбектермен жұмыс жасау әдістерін меңгереді. Ғылыми жұмыстардың теориялық және тәжірибелік аспектілерін шешуде шығармашылық белсенділік танытады. Қоғамдық өмірге бейімделген тұлға қалыптасады. Ғылыми жобаның өзіне тән жеке ережелері мен талаптары болады. Ғылыми жобалардың негізгі мақсаттары мен міндеттері: оқушылардың ғылыми — зерттеу және оқу танымдық жұмыстарын

ынталандырумен қатар Қазақстан Республикасының интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға үлес қосу.

Сонымен жоба сөзінің мағынасына келетін болсақ жоба – латын тілінен аударылған – алға лақтырылған ; нақты жоспар, қалаған болашаққа жоспар; нақты мақсаттары бар іс- шаралар, көбінесе уақытты, шығындарды және сапаны талап етеді; өнімді жасау үшін құжаттар жиынтығы (есептеулер, сызбалар, макеттер және т.б.).оқушының жеке орындайтын қызметі.

Американдық мұғалім В.Килпатрик (1918) жоба әдісінің негізін қалаушы болып саналады.1930 жылдары жоба әдісі кеңес мұғалімдерінің қызығушылығын тудырды. Сондықтан жобалық әдісті жаңаға жатқызуға болмайды, оны ұмытылған ескі деп атауға болады. Жоба әдісінің негізгі мақсаты – баланың зерттеу іс – әрекетінің даму міндеттерімен анықталатын баланың еркін шығармашылық тұлғасын дамыту болып табылады.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1996 жылы 24 мамырда дарынды балаларға арналған мектептерді қолдау және дамыту туралы өкімін жариялап, сол жылдың 16 қыркүйегінде аталмыш өкімді жүзеге асыруды туралы қаулысы шықты. Еліміздің көптеген ғалымдарының пікірлері бойынша бұл қаулыны жүзеге асыру – бұл мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін арттыру. Егер осы жұмысты жүйелі, кешенді түрде орындағанда ғана оқушының бойындағы дарындылық қабілеттерінің айқын көрінісін көруге болады. Жалпы дарындылықты зерттеу –әлемдік деңгейде көптеген ғалымдардың күн тәртібінен түспеген мәселе.

Ғылыми жоба жазу бүгінгі таңда еліміздің болашаққа зор үміт артуынан туындайды. Қазір мектеп оқушыларына ғылыми жоба жазуға жетекшілік ету, кеңес беру жұмыстарында біршама қиындықтар бар екені құпия емес.

Сондықтан да біз мектеп психологымен, оқушы ата - аналарымен ақылдаса келе, күнделікті сабақ өткізетін мұғалімдерден оқушының жеке бас қасиеттері туралы сауалнама ала отырып дарынды оқушыларды іріктеп алуымыз қажет. Кез

келген оқушы ғылыми жобамен айналыса алмайтыны бәрімізге мәлім. Ғылыми жұмыстармен, жобалармен айналысатын бала - дарынды бала.

Дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу жұмысы тиімді болып табылады. Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі. Мұғалім дарынды балалармен жұмыс жасау арқылы олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, біліп отыруы қажет. Зерттеушілік, ізденушілік, шығармашылық қасиеттер балаға тән құбылыс. Қазіргі кезде оқушылардың ғылыми ізденіс жұмысына деген жаңа талапты өмірдің өзі қажет етіп отыр.

Ғылыми жобалардың негізін салушылардың бірі – Ф.Бэкон ізденістің әдісін циркульмен салыстырған. Әр оқушының ойлау қабілетінің деңгейі сан түрлі, сол себепті барлық оқушылардың жетістікке жету деген мүмкіндіктерін теңестіру үшін, белгілі бір құрал керек. Ғылыми ізденіс осындай құрал болып табылады. Сондай-ақ, зерттеу, іздену адамдырдың мүмкіндіктерін теңестіріп қана қоймай, олардың іс-әрекетін біркелкі жасап, ғылыми зерттеулердің ұқсас нәтижесін алуға ықпал етеді. Зерттеу ізденушілік қабілет әр баланың бойында болады. Егер әр оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету қажет болса, онда баланың қабілетін түрлі әрекетте көрстеу үшін, зерттеуге дайындау қажет. Зерттеу- дарынды балаларды оқытудың негізі. Онсыз баланың потенциалын ашу, оны әрі қарай дамыту мүмкін емес. Ғылыми жобаны оқушы, ұстаз, ата-ана- үштік одақ бірлесе отырып, жұмыс істеу арқылы, ата-ана бұл зерттеу жұмысының баласына пайдасы бар екенін түсініп, өзі де көмек көрсете отырып, өзінің мектеппен тығыз қарым-қатынас жасау қажеттілігін сезінеді. Бала табиғатынан зерттеушілік, ізденіс табиғатпен берілетін қасиеттің ажырамас бөлшегі. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, яғни жаңа білімді дайынкүйінде емес, өзі зерттеп, жаңа білім ашады. Жалпы жобаға мынадай қасиеттер тән:

- жаңалық болу керек;

- заманауи болу керек;
- кешенді болу керек;
- жүйелі болу керек;
- техниканы жүзеге асыру керек;
- практикалық жарамдылығы болу керек;

Ғылыми жоба жазу алдында оқушы жұмысының мақсатын нақты білуі қажет яғни белгілі бір тақырып төңірегінде жан –жақты ізденіп, жаңалық ашу. Зерттеу жұмысымен айналысу үшін, ең маңызды мәселе проблеманы көре білу. Сондай-ақ жобамен айналысатын оқушы, ізденісті талап ететінін естен шығармау керек.

Зерттеу жұмысының міндеті:

- тақырыпты ашу үшін оқушы өз алдына бірнеше міндеттер қояды:
олар:

- өзіне ұнайтын тақырыпты таңдау;
- осы тақырып бойынша материалдар жинастырып отыру;
- керекті мәліметтерді, деректерді жинастыру;
- жинаған материалды сұрыптап, керектісін алу;
- белгіленген мерзімде ғылыми жобаны құру;

Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында мына мәселелерді ескерген жөн:

- Әрбір оқушының жеке дара ерекшеліктерін ескеру;
- Оқушыларың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру;
- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру;

Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор. Қабілеттер мәселесін қорытындылай келе, педагогикалық практика үшін мәні ерекше мынадай жағдайларға айрықша тоқталу жөн. Бірінші- адамдардың қабілеттер деңгейі жағынан тең дәрежеде

болмауы. Қабілеттердің бірдей емес кендігі сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге әр деңгейде қабілетті болатынын дәлелдеуге болады. Бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды ұнатады. Мысалы: математикаға қабілетті оқушы, ойлау операциялары тез және жүйрік болады.

Сондай-ақ ғылыми жоба жұмыстарының дайындау кезінде мына мәселелерге ерекше көңіл бөлу керек:

- тақырыпты қабілетіне қарай тандау.
- аталған тақырыпта ашудағы оқушының қосқан жеке үлесі;
- сөйлеу мәнері, яғни ойын, ұтымды жағымды жеткізе алуы, өзін-өзі ұстауы;

- жұмыстың көрнекілігі мен ұсынылған материалдың сапалығы;
- оқушыларды зерттеу жұмысын жүргізуге үйрету үшін;
- жетекші өз теориялық білімін, үнемі жетілдіріп отыру қажет;
- зерттеу процесіне баланы үзбей сатылы түрде қатыстыру;
- зерттеу кезеңдері мен әдіс-тәсілдерін айқындап алу;
- зерттеу кезеңдерімен, әдіс-тәсілдері айқын болуы;
- оқушы өз бетімен қорытынды жасай алуы;

аталған жұмыстардың мазмұны оқушылардың жас-ерекшелігіне қызығушылығына сай таңдалуы басты назарда болуы керек.

Ғылыми зерттеу жұмыстарының кезеңдері. Ғылыми зерттеу жұмысы басты бес кезеңнен тұрады.

1. Ғылыми жобаның тақырыбын тандау;

Тақырып-мәселелердің өзіне тән сипатын көрсетеді. Сонымен қатар тақырыпта қысқа формада құрылған айқынды, мағыналы мәселелерді шешу әдістері болады, тақырып оқушыға қызықты, шынайы болуы яғни күтпеген жаңалықтар, жаңа дүние ашу;

2. Зерттеу жұмысын жүргізу; Зерттеу жұмысының өзіекі кезеңнен тұрады, теориясы, және практикалық жұмыс.

3. Ғылыми жобаны әзірлеу; Ғылыми жоба ережеге сай рәсімделуі қажет.

4. Ғылыми жобаның жоспарын құру. Әр оқушы жұмысқа кіріспес бұрын, жазатын жұмысының нәтижелі, жүйелі болуы үшін, жоспар қажет.

5. Ғылыми жоба бойынша әдебиеттерді зерттеу; Оқушы кітапхана, интернет желісінен, өзінің жобасына қатысты ақпараттырады, мәліметтерді іздестіре отырып, олардың тізімін жазады. Сонымен қатар, тақырыпты әрі қарай аша түсу үшін, жас зерттеушінің жеке күнделігі болуы керек. Зерттеу күнделігі оқушылардың тақырыпты таңдаған күнінен басталады, әдебиеттермен жұмыс жасайды. Мәліметтер мен деректер жинақтайды, тәжірибе жасайды, бақылайды, зерттейді.

Ғылыми зерттеуді жүргізу кезінде дұрыс ақпарат алу үшін, бір емес, бірнеше әдістер жиынтығы қолданады.

Зерттеу барысында біз нақты нені білгіміз келеді, «бұны істеудің ең үздік жолы қандай?» деген сұрақтар түрлері қоланылады.

Бастауыш сынып оқушыларың зерттеу әрекеттерінің дағдылары бірден қалыптасып кетпейді, бұл дағдылар біртіндеп қалыптасады. Бұл дағдыларды қалыптастыру үшін, әр түрлі әдістер мен формаларды қолдану, зерттеу жүргізудің қағидаларын үйретеді. Мұғалім өз тәжірибесінде, сабақта оқушыларды топтарға бөле отырып, шағын тапсырмалады берумен бастап, оқушыларды қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастырады. Осы жерде оқушы ақпаратты ала білуге, оны басқаларға хабарлай білуді үйрене бастайды. Сондай-ақ әдебиеттермен жұмыс істей білуге, талдауға қатысуға басқаларды тыңдауға үйренеді. Мұндай жұмыстар оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады. Шешім қабылдай алу іскерлігін қалыптастырады. Осындай шығармашылық тапсырмалар барысында оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес, өзінің кәсіби бағдарын айқынауға көмектеседі.

Сонымен қорыта айтқанда, оқушылармен зеттеу жұмысын жүргізе білуде, жаңа технологияны қолдану, білім сапасын арттыруға оқу тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізуге ықпал етеді. Осындай ғылыми жұмыстарды орындауда оқушылар мен оқытушылардың бірлесе жұмыс істеуі арқасында оқу үдерісі сапасын көтеру. Оқушылардың қоладбалы әдістемелік, ізденушілік, және іргелі ғылым зерттеулер жүргізуге қатысуы, оқушылардың өз бетінше тұжырымдар мен қорытындылар жасай білу қабілетін дамыту. Өнертапқыштық, шағырмашылық жұмыстарға тарту. Сонымен қатар, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, техниканы пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу- ұстаздардың басты міндеті. Ғылыми зерттеу жұмыстары білім берудің негізгі бөлігі және білім сапасын арттырудың тиімді тәсілі болып саналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. Астана 2005 жыл.
2. Республикалық ғылыми әдістемелік журнал «Мектептегі ғылыми жұмыс»
3. Бастауыш мектеп № 6 2008
4. Педагогикалық кеңес журналы № 2 № 3 2011 жыл.